

FTAMP 17.82.10

<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-08>

С.Б. Ержанова¹, Е.Ж. Арын^{2*}, В. Пирет³

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

Таллинн Университеті, Таллинн, Эстония

E-mail: esb72@mail.ru, aryn.erkezhan@gmail.com, piret.vires@tlu.ee

ORCID: 0000-0002-4449-2604, 0000-0002-2615-3676, 56311507500

ДЫБЫСТЫҚ НЕМЕСЕ НАҚТЫ ПОЭЗИЯ: ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ МҰРАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада қазақ ауызша поэзиясының дыбыстық техникасының бірегей табиғаты зерттеледі. Қазақ әдебиеті тарихының тәжірибесінде мұндай үлгілер көп кездесетінін тілге тиек етеді. Дыбыстық техника өлеңді жай әсемдеп қана қоймайды. Ол поэзияның мықты техникалық құралы болып табылады. Біздің зерттеуімізде дыбыстық техника ежелгі табиғатқа еліктеу нәтижесі ретінде және дәстүрлі поэтикалық тәсіл сияқты екі аспектіде қаралған. Мақала авторлары ауыз әдебиеті ақынының поэтикалық техникасының генезисін, белгілерін, формалары мен функцияларын зерттейді. Зерттеу мақсаты – қазақ әдебиеті тарихы материалдары негізінде дыбыстық поэзия техникасының ерекшеліктерін, оның құрылымдық түрлерін сипаттау, оның мәтінді тақырыптық және идеялық-мағыналық ұйымдастырудағы рөлін ашу. Сондықтан мақала авторлары әртүрлі: салыстырмалы және салғастырмалы, тарихи-генетикалық және семиотикалық әдістерді қолдана келе зерттеу жасады. Ғылыми зерттеудің жаңашылдығы дыбыстық техниканың (анафора, аллитерация, ассонанс және т.б.) қазақ әдебиеті тарихы мәдениетінің материалдарында бірінші рет қаралып отырғандығы болып табылады. Оның генезисі (ежелгі формалармен – иланумен және арбаумен тарихи байланысы) зерттеу жұмысында алғаш рет сипатталып отыр. Сонымен қатар оның функциялары мен құрылымдық түрлеріне де тоқталып өтілді. Қазақ әдебиет тарихы материалдарының поэтикалық, дыбыстық негізі қазіргі ауызекі өлең теориясының (Герман Рапапорт) тұжырымдарына сәйкес талданады. Зерттеудің практикалық құндылығы дыбыстық техниканы феномен ретінде, жыр тақырыбы мен идеясының негізгі «қозғалтқышы» ретінде, эпостық аңызды құрылымдық-семантикалық ұйымдастыру, оны орындау мен есте сақтау принципі ретінде қабылдау және түсіндіру болып табылады. Зерттеуші ғалымдар М. Пэрри мен А.Б. Лордтың ауызша өлең туралы теориялық тұжырымдарына сүйенсек, бүкіл халық эпосы, фольклор, халықтық әндік, жеке-авторлық лирика – осылардың барлығы ауыз әдебиетінің поэтикалық техникасынан туындаған. Нақтылайтын болсақ, осылардың барлығы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан дыбыстық техника мен формулалық дәстүр нәтижесі болып табылады.

Кілт сөздер: эпос, жыр, дыбыстық ұйымдастыру, дыбыстық поэзия, қайталау, қазақ әдебиетінің дәстүрлері.

С.Б. Ержанова¹, Е.Ж. Арын^{2*}, В. Пирет³

Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби

Алматы, Казахстан

Университет Таллинн, Таллинн, Эстония

E-mail: esb72@mail.ru, aryn.erkezhan@gmail.com, piret.vires@tlu.ee

ORCID: 0000-0002-4449-2604, 0000-0002-2615-3676, 56311507500

Звуковая или точная поэзия: на основе наследия казахской поэзии

Аннотация. В статье исследуется уникальная природа звукотехники казахской устной поэзии. Особо отмечается, что в практике истории казахской литературы таких примеров немало. Звуковая техника не

просто украшают стихотворение. Это мощный технический инструмент поэзии. В нашем исследовании звукотехника рассматривается в двух аспектах, как результат подражания античной природе и как традиционный поэтический подход. Авторы статьи исследуют генезис, особенности, формы и функции поэтической техники поэта устной литературы. Цель исследования – описать особенности техники звуковой поэзии, ее структурных форм на материалах истории казахской литературы, выявить ее роль в тематической и идейно-смысловой организации текста. Поэтому авторы статьи проводили исследования с использованием разных: сравнительно-сопоставительного, историко-генетического и семиотического методов. Новизна исследования заключается в том, что техника звуков (анафора, аллитерация, ассонанс и др.) впервые рассматриваются на материалах истории культуры казахской литературы. Его генезис (историческая связь с древними формами – верования и заклинания) описывается в исследовании впервые. Также обсуждались его функции и структурные типы. Поэтико-звуковая основа материалов истории казахской литературы анализируется в соответствии с выводами современной теории устной поэзии (Герман Рапапорт). Практическая ценность исследования заключается в восприятии и интерпретации звукотехники как явления, как основного «двигателя» темы и идеи поэзии, как структурно-смысловой организации эпического сказания, в принципе его исполнения и объяснения. Согласно теоретическим выводам исследователей М. Перри и А.Б. Лорда об устной поэзии, весь народный эпос, фольклор, народная песня, отдельная авторская лирика – все это производно от поэтической техники устной литературы. Точнее, все это результат сотен лет звуковой техники и шаблонных традиций.

Ключевые слова: эпос, песня, звуковая организация, звуковая поэзия, повторение, традиции казахской литературы.

S.B. Yerzhanova¹, E.Zh. Aryn^{2*}, V. Piret³

Al-Farabi Kazakh National University

Almaty, Kazakhstan

Tallin University, Tallin, Estonia

E-mail: esb72@mail.ru, aryn.erkezhan@gmail.com, piret.vires@tlu.ee

ORCID: 0000-0002-4449-2604, 0000-0002-2615-3676, 56311507500

Sound or accurate poetry: based on the heritage of kazakh poetry

Abstract. The article explores the unique nature of the sound technique of Kazakh oral poetry. It is especially noted that there are many such examples in the practice of the history of Kazakh literature. Sound technique does not just decorate the poem. It is a powerful technical tool for poetry. In our study, sound technique is considered in two aspects, as a result of imitation of ancient nature and as a traditional poetic approach. The authors of the article explore the genesis, features, forms and functions of the poetic technique of the poet of oral literature. The purpose of the study is to describe the features of the technique of sound poetry, its structural forms on the materials of the history of Kazakh literature, to identify its role in the thematic and ideological and semantic organization of the text. Therefore, the authors of the article conducted research using different methods: comparative, historical-genetic and semiotic methods. The novelty of the study lies in the fact that the technique of sounds (anaphora, alliteration, assonance, etc.) is considered for the first time on the materials of the history of the culture of Kazakh literature. Its genesis (historical connection with ancient forms – beliefs and spells) is described in the study for the first time. Its functions and structural types were also discussed. The poetic-sound basis of the materials of the history of Kazakh literature is analyzed in accordance with the conclusions of the modern theory of oral poetry (Herman Rapaport). The practical value of the study lies in the perception and interpretation of sound technique as a phenomenon, as the main «engine» of the theme and idea of poetry, as a structural and semantic organization of an epic tale, in principle, its execution and explanation. According to the theoretical conclusions of the researchers M. Perry and A.B. Lord about oral poetry, the entire folk epic, folklore, folk song, individual author's lyrics – all this is derived from the poetic technique of oral literature. More precisely, it is all the result of hundreds of years of sound technique and formulaic traditions.

Keywords: epic, song, sound organization, sound poetry, repetition, traditions of Kazakh literature.

1. Кіріспе

Қазақ әдебиеті тарихының бастаулары болып есептелетін эпикалық дәстүрлер, жыраулардың ауызша поэзиясында дыбыстық құрылым маңызды рөл атқарады. Ол автордың семантикалық маңызды реңкіне қол жеткізу барысында үнемі поэтикалық тәсіл болып табылады. Өлеңнің осындай дыбыстық ұйымдастырылуын біз *техникалық тәсілдер* жүйесі, ауызша айтылғанда тілдің дыбыстық құрамының әртүрлі элементтерін: дауысты және дауыссыз дыбыстарды, екпінді және екпінсіз буындарды, үзілістерді, бірыңғай синтаксистік айналымдарды, сөздерді, дыбыстарды қайталауды, аллитерацияны, ұйқастарды және т.с.с. пайдалануы деп түсінеміз.

Мысалы, мына төмендегі жырларда өлеңді ұйымдастыруда тақырыптық анафораны (*бірыңғай дауысты*) және аллитерацияны (дауыссыз дыбыстардың қайталануын) қолдану.

Анафора 7 буыннан тұратын екі өлеңнен тұрады. Әрбір өлең өзіндік бір мағынаны береді. Бірінші өлең келіндердің дауы мен алауыздығын сипаттаса, екіншісі – бейбіт ауылдың тыныштығы мен сұлулығын жырлайды:

Бұқар жырау, XVIII ғ.:

1. Абысынның аразы

2. Ауыл сәнін кетіреп (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 301)

Бірінші өлеңдегі алауыздық тақырыбы жуан дыбыстары бар сөздерге толы: Абысынның аразы. Ал бейбіт ауыл сұлулығы жіңішке дыбыстар арқылы әсерленген – *сәнін кетіреп*. «Ауыл» сөзі – олардың тақырыптық орталығы болып табылады. Ол осы екі қарама-қарсы ұғымды біріктіріп отыр. Сондықтан ол да жуан дыбыстар арқылы берілген: **ауыл**. Сөздерді осылай буындардың жуандығы мен жіңішкелігі бойынша бөлу бөлгіш дыбыс техникасы деп аталады. Бұл ретте, жуан және жіңішке дыбыстарды қарама-қарсы қою арқылы антитеза пайда болады: өзара араздасқан келіндер және бейбіт ауылдың нәзік сұлулығы. Анафораның әсері оның жазбаша поэзия емес, ауызбен ғана айтылатындығында болып отыр, өйткені ол осы дәстүрді жақсы білетін тыңдаушының дыбыстық қабылдауына арналған. Екі қарама-қарсы мағынаны біріктіре отырып, жыршы тыңдаушының тыңдау қабілетін: оның өлеңнің негізгі ойын, идеясын «естітінін – естімейтіндігін» «тексереді».

Демек, *дыбыстық бөлгіш техника* автор идеясын тереңдетіп, болашақ ғибрат (уағыз) жанрын көркейтеді. Жырау үшін де, сондай-ақ тыңдаушы үшін де анафоралық қайталау – эпосты есте сақтау техникасының бірі. Сондықтан дыбыстық техниканың әртүрлі жақтарын зерттеуде мыналарды есте сақтау керек:

- а) эпикалық қайталаулардың көркемдігі мен мәнерлілігі;
- б) аллитерацияланған өлеңнің құрылымы мен семантикасы;
- в) эпикалық анафораның құрылымы, түрлері мен функциялары;
- г) дыбыстық бөлгіш техниканың функциялары;

г) стиль мен жанрды қалыптастырудағы ұйқастың функциясы, – ғылымда осының барлығы жаңа және оны зерделеу қажет болып табылады.

Еуропалық *жазба* дәстүрі де поэтикалық техника тәсілдерін: анафораны, ассонансты, аллитерацияны, акроөлеңді, қайталаудың сан алуан түрлерін және т.б. пайдаланады. Бірақ түркі эпикалық дәстүрінің одан айырмашылығы – оның барлық осы

көркемдік құралдарды тұрақты кешен түрінде пайдаланатындығы болып табылады. Бұл – қандай да болмасын тәсілді *жасанды түрде ойлап табу* емес, ол халықтың көптеген ғасырлар бойы жинаған тәжірибесі, ежелгі ырғақтарға, дыбыстық діріл заңдарына негізделген білімі. Табиғи еліктеуден әртүрлі мәндердің дыбыстық қайталаулары: иландырушылық қайталаулар, сиқыршылық әдістер мен ырғақтық арбаулар пайда болады. Мәселен, сөз сиқыры музыкамен бірге біртіндеп келе рулық салт-дәстүр мен жоралғылардың қасиетті бөлігіне айналған (Фещенка, 2017: 312). Уақыт өте келе, мәдени-тарихи процесс нәтижесінде дыбыстық ұйымдастыру (техника) көркемдік құралға, эпостың поэтикалық тәсіліне айналады. Жырдың пайда болуына жол ашып, оған қолдау көрсете отырып, дыбыстық қайталау оның әртүрлі: дыбыстық-семантикалық, морфофонологиялық, лексикалық-семантикалық және синтаксистік деңгейлерінде сөзді тек әсемдеп, әсерлеп қана қоймайды, ол ең бастысы – жаңадан үздіксіз келіп қосылатын дауыс ырғағын тудыратын жыршылар үшін ауызша ғылымы болып табылады.

Біздің ата-бабаларымыз көптеген ғасырлар бойы жазуы жоқ ортада өз өнерін көрсетіп, оны ауызша ғана паш еткен. Бірақ олар ежелгі заманда да, содан кейінгі кезеңдерде де көлемі үлкен және көркемдік жетістіктері бойынша тамаша көптеген эпостарды дүниеге әкеліп, бізге жеткізген, атап айтатын болсақ, олар: «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Қосай», «Ер Едіге», «Ер Көкше», «Ер Қабанбай», «Қамбар батыр», «Ер Сайын», «Қырымның қырық батыры» және т.б. (Нұрмағамбетова, 1975: 214). Осындай қомақты мәдени-әдеби мұраларымыздың негізінде ауызша стильдік техника, дыбыстық ұйымдастыру, эпикалық формулалардың жатқанын байқаймыз. Міне, солардың арқасында Алтын Орданың күдіретті мәдениетінің өшпес осы қазыналары қазіргі заманға дейін жеткен. Осы тұрақты формулалар мен дыбыстық ұйымдастыру арқылы бүгінгі таңда да жаңа жырлар пайда болып, Қазақстанның өңірлік музыкалық-эпикалық мектептері: сырдария, маңғыстау, жетісу және т.б. мектептер жұмыс істеп жатыр.

Адамның өмірді эстетикалық меңгеруінің бес негізгі тәсілі бар. Олар: дыбыстық мәдениет – есту мәдениеті (ауызша мәтінді тыңдау және түсіну) және *ауыз* мәдениеті – сөз мәдениеті (эпосты орындау, суырып салма жырдың дыбыстық техникасы); *көзбен шолу мәдениеті* – көзбен көру арқылы түсіну мәдениеті; *қолжаттамдық* мәдениет – материалмен, затпен тікелей жұмыс жасау, іс мәдениеті; және *медитативтік мәдениет* – ішкі ой мәдениеті, рухани саланы ұғынуға тырысу.

Еуропалық мәдениеттен айырмашылығы, Орталық Азия көшпенділерінің дәстүрлі мәдениетінде көптеген ғасырлар бойы дыбыстық – ауыз сипатты өнер (музыкалық – сөздік) басым болған. Бірақ сонымен қатар көшпенділер арасында көзбен шолу – қолжаттамдық мәдениет те, медитативтік мәдениет те айтарлықтай деңгейде жоғары дамыған, мысалы: ою-өрнек өнері, зергерлік өнер, ұсталық қолөнер, ағашпен және күміспен жұмыс және т.б. Ал жыраулардың бүкіл ауыз поэзиясы толығымен медитативті деп айтуға болады. Демек, Орталық Азия көшпенділері үшін әлемді дыбыстық-ауыз есту арқылы (сөздік-музыкалық) меңгеру басымды болған. Дыбыстық ұйымдастырылуы өте бай, ауызша-стильдік техникасы бар түркі жыры, лирикалық эпос, дәстүрлі музыкалық-әндік фольклор этнография, семиотика,

тарих, дінтану, археология үшін ерекше қызығушылық тудырады. Ауызша эпикалық поэзияның дыбыстық ұйымдастырылуы – ол ежелгі түркі поэтикалық ойының өте ертедегі тіл формалары мен ерекшеліктерін зерттеуге тікелей апаратын жол. Қазақ фольклористикасында ол ешқашан бөлек қарастырылмаған. Сонымен, тіпті ең алғашқы сиқыршылық арбаулардың өзінде-ақ ырғақ болған, оларда тұрақты белгілер, символдар мен шартты кодтар қызмет жасаған. Біз осының барлығын алғашқы *трансформациялар* деп атаймыз. Және ол рулық (тайпалық) ұжым мүшелерінің арасында өзара хабарласуының техникалық құралдары: таяқ, тас, жартасқа салынған сурет, дағыра көмегімен немесе оларсыз болғандығын дәлелдейтін айтарлықтай дамыған коммуникациясы болғандығын көрсетеді.

2. Материалдар мен әдістер

Эпикалық поэзиядағы осындай тұрақты ауызша жеткізу заңдылықтарын, формулаларды ғылыми зерттеу дәстүрінің негізін ХХ ғасырдың 50-ші жылдары америкалық ғалым М. Пэрри қалаған. Ол өзінің ауыз теориясын Oral Tradition деп атаған (Cristóbal, 2016: 67). Одан бері де бұл мәселеге көп көңіл бөлгенімен, қазақ поэзиясы тарихы тәжірибесінде зерттелу жағы қолға алынбай келеді. Бұл олқылықты толтыруға негіз болатын ағылшын ғалымы Герман Рапапорттың теориялық тұжырымдарын ерекше атап өтуге болады.

Біздің Қазақстандық ғылымда осындай әдіснамалық тәсіл онша белгілі болмаған. Бірақ 80-ші жылдары, қайта құрылу жылдарында озық қазақстандық ғалымдар музыкалық-эпикалық халық дәстүрлерін табысты зерделегендігін атап өту керек. Солардың ішінен Б. Аманжоловты, Ж. Бектұровты, Р. Бердыбаевты, Ш. Ыбраевты, Е. Ысмаиловты, А. Мұхамбетованы, С. Негимовты, Г. Омарованы, С. Раимбергенованы, С. Утегалиеваны, Е. Тұрсуновты және басқа да көптеген талантты фольклоршылар мен этномузыка зерттеушілерінің атын ауыз толтырып айтуға болады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда ауыз теориясын (формулалықты, дыбыстық техниканы) Б.Ш. Абылқасымов, У. Ақберді, А. Жақсылықов, Қ. Жаңабаев, Ш. Ыбраев, А. Наурызбаева, Е. Құрманбаев сияқты авторлар белсенді зерттеп келеді, бірақ сонда да олардың саны әлі де болса ауыз толтырып айтатындай көп емес.

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеудің мақсаты – қазақ әдебиеті тарихынан алынған материалдар негізінде дыбыстық поэзияның ерекшеліктерін, оның құрылымдық формаларын сипаттау, сонымен қатар мәтіннің тақырыбы мен мағынасын жүйелеудегі рөлін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін әртүрлі зерттеу әдістерін, соның ішінде салыстырмалы, тарихи-генетикалық және семиотикалық тәсілдерді пайдаланылды. Зерттеу жаңалығы анафора, аллитерация, ассонанс т.б дыбыстық техникалардың алғаш рет қазақ әдебиеті тарихынан алынған материалдар негізінде қарастырылуында болып отыр. Сондай-ақ зерттеуде алғаш рет бұл әдістеменің генезисі, оның ішінде наным-сенімдер мен арбау сияқты ежелгі формалармен тарихи байланыстар сипатталып, оның функциялары мен құрылымдық түрлері талқыланды.

2.2 Материалға сипаттама

Зерттеуде дыбыстық техниканың қазақ ауызша поэзиясындағы алатын орны сипатталады. Яғни қазақ әдебиетінің тарихында дыбыстық технология маңызды рөл

атқаратын мысалдар көп екенін дәлелдейді. Дыбыстық техниканың өлеңді көркемдеп қана қоймай, поэзияның күдіретті құралы екенін атап көрсетеді. Мақала авторлары дыбыстық техниканы зерттеуге екі жақты қарастырады: ежелгі табиғаттан шабыт алу нәтижесінде және дәстүрлі поэтикалық әдіс ретінде. Мақалада ауызша поэзиядағы дыбыстық техниканың шығу тегі, ерекшеліктері, формалары мен қызметі талданады. Қазақ әдебиеті тарихынан алынған материалдар негізінде дыбыстық поэзияны талдау қазіргі ауызша поэзия теориясын, атап айтқанда Герман Рапапорттың зерттеулерін ескере отырып жүргізілді. Бұл зерттеудің практикалық құндылығы шығарманың тақырыбы мен идеясына, оның құрылымдық-семантикалық ұйымдастырылуына әсер ететін поэзияның негізгі элементі ретінде дыбыстық техниканы түсінуге және түсіндіруге көмектеседі (Рапапорт, 2011: 98). М. Перри мен А.Б. Лордтың ауызша поэзия туралы теориялық тұжырымдарына қарағанда, барлық халық эпосының, фольклордың, халық әндерінің, тіпті жекелеген авторлық лирикалардың да түбі ауыз әдебиетінің поэтикалық техникасында жатыр, бұл осы әдістемені әдеби мұраның іргелі элементіне айналдырады.

3. Талқылау

Белгілі этнограф Г.Н. Потанин өз күнделігінде: «Маған бүкіл қазақ даласы әндетіп тұрғандай болып көрінеді!», - деп жазған (Балмағанбетова, 2020: kzvesti.kz). Оның ерекшелігі, барлық халықтың бір үздіксіз музыкалық – сөздік мәдениет ағынына қатысуы, халықтың өзі өнердің керемет көзі екендігін танытады. Бүкіл көшпенді халық күй, жырлар орындап, тыңдаған және айтыстарға (ақындар жарысына) қатысқан. Олар фольклор мен эпосты ұжымдық жадында сақтап, болашақ ұрпаққа ауызша берген. Ал жыраулар жырларды орындау барысында дыбыстық эпикалық техника құралдардың көмегімен оларды тез қалпына келтірген. Ол жаңа мәтінді тиянақтау, есте сақтау мен құрастыру үшін негізгі мәнге ие болған. Дыбыстық ұйымдастыру – поэтикалық қайталаулар, ауызша айту поэзиясының әдістері мен тәсілдерінің жүйесі. Осы дыбыстық қайталау сондай-ақ болашақ эпикалық шығарманың жанрына, тілі мен стиліне де әсер етеді. Гомердің поэмаларын зерделей отырып, ауызша айту теориясының негізін қалаушы М. Пэрри, эпикалық формулалар арқасында тіпті жазу жоқ болған кездің өзінде де көлемі үлкен ауыз әдебиеті шығармаларын дүниеге келтіруге болатындығын дәлелдеген. Мысалы, дүниежүзіндегі ең үлкен эпикалық шығарма қырғыздардың «Манас» жыры деп айтамыз. Көрнекті ғалым Е.М. Мелетинский, қазіргі эпос теориясын зерттей отырып, өз кезінде шетелдік мектептер мен академиялық бағыттарға тәптіштелген сыни талдау жасаған. Пэрри-Лордтың ауызша поэзиясында Е. Мелетинский екі маңызды пікірталастық мезеттерді бөліп көрсеткен:

а) А. Лорд «Лорд эпикалық стильді поэтикалық техникадан шығарады» (Мелетинский 1963: 12).

б) «эпикалық формулалардың мифологиялық мәні бар» (Мелетинский 1963: 12).

Біздің поэтикалық техниканы, дыбыстық қайталауды түсінуіміз үшін осы екі тармақ та шешуші рөл атқарады. Жалпы Е.М. Мелетинскийдің басқа бірқатар жұмыстарында да, батырлар жыры тайпалар шоғырлануының мықты құралы және мемлекеттерді орталықтандырудың бейнесі ретінде, «ұлттық тарихтың шапағы ретінде» пайда болады деген ұғым айқын көрініс тапқан (Мелетинский, 1992: 666).

VIII ғасыр жыршылары – Йоллық-тегін мен Тоныкөк сияқты, халықты бірлікке, дәстүрлерді, мемлекетті сақтап қалуға шақырған. Олардың поэтикалық сөзі мемлекет қайраткерлерінің сөзіне айналған. Сөз олардың жаңа шығармашылық, саяси, әлеуметтік бейнесін, олардың шат-шадыман көтеріңкі стилі мен олардың жаңа жанрлық репертуарын қалыптастырған. Эпостық жыраулардың жоғары мәртебесі, олардың қоғамдағы әлеуметтік қызметтері олардың поэтикасынан да, мәтіннің өзінен әлеуметтік функциясынан да, олардың дыбыстық поэтикалық пайдалану сипатынан да көрінеді. Жыраулар да осындай ерекше белгілерімен ақындардан да, поэтикалық ауыз дәстүрінің басқа түрлерін тасымалдаушыларда да ерекшеленеді (Тұрсынов 2017: 24). Осы белгілер мен қасиеттер жыраулардың ойлау ерекшелігі мен поэтикалық техникасын түсінуге мүмкіндік береді. Дыбыстық ұйымдастыруды фонологиялық, морфофонологиялық, лексикалық, синтаксистік – әртүрлі деңгейлерде зерттеу эпостық формалардың *бастапқы негіздермен* – ежелгі қайталаулармен, арбаулармен, иланудырулармен, сондай-ақ аңыздармен, салт-дәстүрлер және әдет-ғұрыптармен – байланысы туралы ойға әкеліп соғады. Е.М. Мелетинский, эпостық формулалар мазмұнының «мифологиялық шығу тегіне» ерекше назар аудара отырып, Пэрри-Лордтың ауызша айту теориясының осы жағы туралы айтқан. Дыбыстық формула – ауыз әдебиеті мәтіннің негізгі бірлігі.

Формулалық деп, бір сөздердің немесе тіркестердің басқаларға тартылуы, олардың дыбыстық кодты құрайтын тұрақтылығы түсініледі. Осы белгі кез келген халықтың ауызша поэзиясына, фольклор мен эпостың барлық жанрларына тән. Формулалықтың негізінде ауызша мәтінді сақтаудың, оны есте сақтау мен жаңа ауызша айтқандағы жаңа мәтінін жасаудың негізгі шарты жатыр. Бұл ретте, М. Пэрри мен А. Лорд дәстүрлі орындау процесін трафаретті бейнелер мен стандартты клишелерді «механикалық беру» деп санамаған. Олар міне нақ осыдан өнердің *ерекше түрін*, суырып салып жыр шығару кезіндегі ауыз айту техникасын меңгерудің шеберлігін таныған. Сондықтан олардың эпостық қайталауларды, әртүрлі дыбыс заңдылықтарын, тұрақты белгілерді, тіркестер мен формаларды зерттеулері «формулалық» грамматика деп аталады. Жыршының ауызша жеткізу поэзиясын дыбыстық ұйымдастырудың өзі – бай стильдік ауызша айту техникасының тек бір бөлігі ғана.

Жыраулардың дыбыстық техникасының түрлері, формалары мен функциялары:

Доспамбет жырау, XV ғ.:

Азаудың ер Доспамбет ағасы

Азаудың бір бұрышындай нарты екен!...

1. Анафорлық тақырыптық бастау – қайталау: Азаудың...Азаудың... (азовтық, азаулық, Азовта туған);

Ер Доспамбет формулалық тіркесінің тақырыптық ортасы Ер – эпитеті: *батыр*.

Азаудың *ер* Доспамбет ағасы

Азаудың *бір* бұрышындай нарты екен!

Сөздің жуандығы мен жіңішкелігі бойынша дыбыстық бөлу техникасы өзінің сүйікті қаласының өміріндегі жыраулардың ерекше рөлін ашады: *ер-бір*, – (айбынды батыр; менен басқа ешкім емес – *бір* бұрышындай (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 31).

Осы мысалдың өзі-ақ XV-XVIII ғасырлардағы нақты поэзияның дыбыстық ұйымдастырылуының сан-алуан түрі мен функциялары бар екендігін көрсетеді: Ол «дыбыстамалық» болады. Ол анафоралық бастау-қайталау түрінде бола алады. Дыбыстамалық мәтіннің семантикалық маңызды элементтерін бөліп көрсете отырып, сөзді жуандығы мен жіңішкелігі бойынша *бөлу* функциясын орындайды: **бір** бұрышындай – қаланың шеткі маңызды негіздерінің **бірі** – жыраулардың *ерекшелігі* мен *ерекше таңдаулы* екендігінің символы.

Тарихи даму процесінде тайпалар ыдырап, қайта бірікті, олардың тайпалық табынушылары да өзгерді. Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды өткізу ережелері де ауысты: бұрынғы рәсімдер жаңа әдет-ғұрыптарға жол берді. Осы өзгеріп отыратын қағидаларды қалай да болмасын тиянақтау керек болды және оларды есте сақтау үшін арнайы адамдар – әдет-ғұрып делдалдары қажет бола бастады. Уақыт өте келе осы «білгіш» адамдар (әдет-ғұрып делдалдары) тайпаның бүкіл рухани өмірін өз қолына алды. Әрі қарай мамандандырылу процесінде дәстүрлерді барлығынан да жақсы білетін ауызша жеткізу жыршысы, жырау хан кеңесшісі, *көріпкел* көсем және халық мұғалімі не ақын мәртебесіне ие болады (Ержанова, 2020: 139).

Тұрақты қайталау процесінде біз оның *алғашқы трансформациялармен*: иланумен, ырғақтық арбаулармен, сиқырмен байланысын көреміз. *Алғашқы негіздер* – ол ежелгі эпос пен фольклордың бүкіл мифологиялық, рухани-діншіл және салт-дәстүрлік – ғұрыптық өмірін құраған алғашқы және ертедегі өмірі. Ол қайталаулар мен тұрақты тіркестерге негізделген бірінші дыбыстық сиқыр. Ол ауызша айту тәжірибесінде алдымен дәстүрлік делдалдың, содан кейін бақсының, кейіннен XV-XVIII ғасырлардағы көріпкел жыраудың өте маңызды құралына айналды. Осы ежелгі *ырғақтық қайталауларда*, арбауларда біз қазір танитын болашақ түркі фольклоры мен этносының жанрлық және құрылымдық формалары бар. Барлық осы жанрлар VIII ғасыр қағандары Құлтегін мен Біліге қаған мен кеңесші Тоныкөкке арналған жоқтау жырларының құрамына кірген. Олар болашақ эпостық жырлардың өте бай «құрылыс базасын» құрайды. Міне сондықтан да біз батырға бағытталған *арнаудан*, оны *мақтаудан*, оны *жоқтаудан*, оған ризашылық білдіруден – *алғыстан*, оның жауларына арналған *қарғыстан*, оның көріпкелдігі – *болжауынан*, оның *нақыл сөздерінен*, оның *өсиетінен* – жанрдың аңызбен, салт-дәстүр, ғұрыптармен және жерлеу рәсімдерімен тығыз байланысын оңай таба аламыз.

Дыбыстық поэзияға тән нәрсе көбіне – үнемі суырып салма өлеңдер. Ол қайталауларға (формуларға), тұрақты сөз тіркестеріне негізделеді (Мағауин, 1978: 112). Бірақ осы формулалардың негізінде дыбыстар мен сөздердің және сөз тіркестерінің «созылуына» ықпал ететін *алғашқы трансформациялар*, әртүрлі заңдылықтар жатыр. Дыбыстық қайталаудың *ең біріншісі*, *ең алғашқы* және ең көп тараған тобын *аллитерация* мен *ассонанс*, *дыбыстық еліктеуіш сөздер* мен сан-алуан *ұйқастар* құрайды. Олар өздерінің қайталауларын табиғи дыбыстарға: құстардың шырылы мен сайрауына, қасқырлар мен жолбарыстардың ырылына, өзен суының сылдырына және т.б. алғашқы еліктеуден бастаған. Осы алғашқы ырғақтық қайталаулар космоста болатын дірілді және космос ырғағын, ай мен күн айналымдарын және жыл мерзімдерінің ауысуын көрсеткен. Барлық осы космос құбылыстары реди́ф, етістік ұйқасы, монорим, сақиналық, айқас және параллель

(іргелес) ұйқас сияқты дыбыстық қайталауларды тудырған және оларды тұрақты түрде «жаңартып, қайта шығарып» отырған. Міне сондықтан да дыбыстық қайталау кейіпкерлер мен олардың әрекеттеріне бейнелілік, мәнерлілік береді. Осы қайталау сиқыршы немесе медитациялаушы суретшінің «қозғалыс бейнесі» болып табылады. Ол сондай-ақ метафоралық түрде «дүниенің уақыттағы өту жолын» да жасайды. Эпостық қайталау автор ойының көркемділігінің жоғарырақ болуына ықпал етеді, оның сазын тереңдетеді, ауыз шығармасының стилін әсемдейді. Жыр құрылымында маңызды кеңістікті ала отырып, қайталау стильге, жалпы үндестікке және бүкіл жанр формасының мәнерлілігіне айтарлықтай әсер етеді.

Формулалардың *екінші* тобын әртүрлі анафоралық блоктар: дыбыстық, буындық, лексикалық – қысқартылған және толық топтар; синтаксистік анафоралар; қайырмалар мен орта және үлкен түйдектер құрайды. Олардың ерекшелігі, олардың дайын формада болуы. Ол – ауыз шығармасын орындау барысында жанр мен стильді алдын ала талап ететін эпос формулалары. Анафораның негізгі мақсаты – тыңдаушы назарын тақырыптың маңыздылығына немесе ауыз шығармасының негізгі идеясына «аудару», сондай-ақ мәтінді орындау үшін оны есте сақтауға ықпал ету.

4. Нәтижелер

Жоғарыда тізбектелген барлық жанрлық формалар мен олардың функциялары қандай да бір нұсқада дәстүрлі қайталаулар ретінде пайдаланылады. Осы *бастапқы жанрлық негіздер* болашақ батырлар поэмасының «негізгі тамырын» ғана құрап қоймайды, ол сонымен қатар дыбыстық ұйымдастырудың өзі ретінде де оның стилі мен шабытын құрайды және қалыптастырады, ал оның барлық элементтері оның барлық деңгейлерінде ауыз мәтініне әсер етеді. Осының барлығы бұрын қазақ ғалымдары назар аудармаған ауыз поэтикалық стилі мен ауыз-стильдік техникасының қалыптасу және даму жолының қиын екендігін куәлендіреді. Демек, дыбыстық поэтикалық техника, ежелден бері қалыптасқан дәстүрлі формалар мен жанрлар эпостың, оның эпикалық стилінің негізгі көзі болып табылады. Біз жоғарыда сипаттаған барлық жанр формалары аңызбен, салт-дәстүрмен және ғұрыптармен, алғашқы фольклормен байланысты екендігі сөзсіз. Ертеректегі кезеңде олар аясында *алғашқы негіздер*, болашақ тұрақты формулалар – ауыз дәстүрінің көздері қалыптасқан иландырумен, сиқырмен, ырғақтық қайталаулармен (арбаулармен) байланысты болған.

Бізге белгілі әлемдік жазба мәдениеті ескерткіштерінің көлемінен бірнеше рет үлкен түркі ауыз эпикалық аңыздарының жинағы, М. Пэрридің, жазусыз мәдениет поэтикалық техниканың арқасында, мысалы, «Манас» қырғыз эпосы сияқты көлемі бойынша өте үлкен шығарма тудыруға қабілетті деген идеясын сенімді түрде дәлелдейді. Осындай шығармалар формулалық пен дыбыстық ұйымдастыру заңының – үнемі белсенді эпикалық дәстүрдің бай ауыз-стильдік техникасының сан-алуан түрінің арқасында жасалып, бізге дейін жеткен. Эпикалық формулалар мен поэтикалық техниканың осындай мәнін М. Пэрри мен А. Лорд айқын түсінген.

5. Қорытынды

Кешенді жүйелі талдау арқылы біз қазақ әдебиеті тарихының алғашқы материалдары-эпос, жырлар негізінде дыбыстық техниканың сан-алуан түрлерін: аллитерацияны, ассонансты, анафораны, лексикалық және синтаксистік қайталауларды, басқа да тәсілдерін анықтадық.

Демек, қазақ мәдениетіндегі зор мұралар эпикалық негіздегі дыбыстық поэзиясында дыбыстық қайталаудың бірінші, ең алғашқы және ең кеңінен тараған түрі аллитерация мен ассонанс, сондай-ақ – дыбыстық еліктеуіш сөздер мен әртүрлі ұйқастар болып табылады. Осы қайталаулар табиғи дыбыстарға: құстар әніне, аңдардың ырылдауына, жел ысқырығы мен шуына және т.б. еліктеуден туындаған. Осындай еліктеу түрін Аристотель (мимемис) деп атаған (Теория литературы, 2012). Осы қайталаулар сондай-ақ космоста болатын және космос ырғағымен, ай мен күн циклдарына және жыл мезгілдерінің (маусымдарының) ауысуына байланысты болатын дірілдерден де басталады. Барлық осы циклдік құбылыстар қайталаудың редиф, етістік ұйқасы, монорим, сақиналық, айқас және іргелес ұйқасы сияқты түрлерін «дүниеге әкелді». Аллитерация, ассонанс, дыбыстық еліктеуіш сөздер, әртүрлі ұйқастар көркем бейнелер мен бүкіл поэтикалық сөзге мәнерлілік береді. Олардың өзі жыршының мәнерлі «ой козғалысының бейнесі» және ауыз мәтініндегі «уақыт ағысының» бейнесі болып табылады. Осы қайталаулар ауыз мәтінінің сарынына ықпал етіп, оның стилін қалыптастырады. Жыр құрылымында үлкен кеңістікті ала отырып, олар жанр формасының стилі мен мәнерлілігіне ықпал етеді.

Біз тақырыптық ауыз анафорасының сан-алуан түрлері мен функцияларын зерттедік. Ол – ауызша айту поэзиясындағы ең танымал дыбыстық қайталау екендігі анықталды. Өлең кеңістігінде бастау болып, онда үлкен орын ала отырып, анафора бүкіл эпостық шығармаға реңк береді. Дыбыстық ұйымдастырудың басқа да құрылымдық элементтері сияқты, ол ауыз шығармасының тақырыбын, стилі мен жанрын қалыптастырады.

Біз алғаш болып анафораның: айқас, іргелес, сақиналық түрлерінің жіктеме-сін бердік; оның: қарапайым, дыбыстық, буындық, қысқартылған және толық лексикалық, синтаксистік құрылымдық формасын сипаттадық. Формалардың әрқайсысында өзінің семантикалық толықтығы, реңкі бар. Сондай-ақ біз алғаш рет анафораның негізгі функциясын – тындаушы назарын ерекше «маңызды» қандай да бір тақырыпқа немесе «өзекті» идеяға «ұштау» функциясын, сондай-ақ есте сақтау функциясын аштық. Осы функция жаңа ауыз мәтінін құру барысында да жүзеге асырылады. Кейбір жағдайларда анафора тек естуді «ұштау» мен «естітіндердің» зейінін «тарту» функциясын ғана емес, сонымен қатар *гибраттау* функциясын да атқарады. Сондықтан эмбрионалды тұрғыдан біздің алдымызда жанр (әдетте дидактикалық тәрбие) «қалыптасады».

Мақалада дыбыстық ұйымдастырудың жанр формаларын қалыптастырудағы рөлі ашылған. Қазақ әдебиеті тарихының қойнауында жатқан әр кезең ақын-жыраулар мұралары ауызша айту немес дыбыстық поэзиясын әрі қарай зерттеу үшін ең құнды дереккөздер болып табылады. Олардың таңқаларлық керемет поэзиясы мен көп ғасырлық поэтикалық техникасы, түркі дәстүрінің бірегей және өзіндік феномені ретінде, дүниежүзілік ғылыми кеңістікте зерттеуге лайық деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

1. Ақтамберді жырау. Бес ғасыр жырлайды кітабынан. Құрастырушы М. Мағауин. – А.: Жазушы, 1989. – Т. I, – 384 с. <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1110997&lang=kk>
2. Балмағамбетова Ж. Жырау: летописцы Великой степи, 2020: <https://kzvesti.kz/ruhani-zhangyru/zhyrau-letopiscy-velikoj-stepi-1086/>

3. Доспамбет жырау. Бес ғасыр жырлайды кітабынан. Құрастырушы М. Мағауин. – А.: Жазушы, 1989. – Т. I, – 384 б. <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1110997&lang=kk>
4. Ержанова С.Б., Жутаева А.К. Қазіргі қазақ поэзиясындағы когнитивтік ұғымдар // Филология сериясы. №2 (178).2020, 137-144 б. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v178.i2.ph18>
5. Қазақ даласының поэзиясы. Қазақстан ақындары кітабында. Мақала авторы М. Мағауин. – Л.: 1978. – 7 – 608 б.
6. Мелетинский Е.М. Эпос және аңыздар. Әлем халықтарының аңыздары кітабында. – М.: Екі томдық Кеңес Энциклопедиясы. Т.2. – 1992. – 724 б.
7. Мелетинский Е.М. Эпостың шығу тегінің қазіргі теориясы. Батырлар эпосының шығу тегі кітабында. – М.: 1963. – 464 б.
8. Нұрмағамбетова О.А. 1975. Құрастырушы және аудармашы. Қобыланды-батыр. Қазақ батырлар эпосы. – Москва: Наука, 446 б.
9. Теория литературы. Характеристики понятия Мимесис и Катарсис у Аристотеля, 2012: <https://philology-hse.livejournal.com/17788.html>.
10. Тұрсынов Е. Жырау функциялары туралы. Жырау: мәртебесі, функциялары, мәдениеті, көзқарасы (авторлардың ұжымдық монографиясы). – Семей, 2017 ж. – 325 б.
11. Фещенко В. Отзвуки Белого: глоссолалия, звукословие и вербальная магия в русской поэзии XX в. Russian Literature, Volumes 93–94, October–November 2017, pp. 311-343 <https://doi.org/10.1016/j.ruslit.2017.11.010>
12. Cristóbal P., Mihailo A. (2016) Formulaic creativity: Oral poetics and cognitive grammar // Language & Communication, Volume 47, March, pp. 66-74: <https://doi.org/10.1016/j.langcom.2015.12.001>
13. Rapaport H. (2011) Tools for Reading Poetry1 from The Literar Theory Toolkit: A Compendium of Concepts and Metods, pp. 98-133. Blackwell Publishing. ISBN: 978-1-405-17047-5

References:

1. Aqtamberdi zhyrau. (1989) From the book “Five Centuries Sing”. Compiled by M. Magauin. – А.: Zhazushy. – Т. I, – 384 p. (in Kaz.)
2. Balmagambetova J. (2020) Zhyrau: Chroniclers of the Great Steppe: <https://kzvesti.kz/ruhani-zhangyru/zhyrau-letopiscy-velikoj-stepi-1086/> (in Russ.)
3. Dospambet zhyrau. (1989) From the book “Five Centuries Sing”. Compiled by M. Magauin. – А.: Zhazushy. – Т. I, – 384 p. (in Kaz.)
4. Yerzhanova S.B., Zhutaeva A.K. Cognitive concepts of modern Kazakh poetry // Philological series. №2 (178).2020, pp. 137-144. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v178.i2.ph18> (in Kaz.)
5. Magauin M. (1978) Poetry of the Kazakh steppe. In the book “Poets of Kazakhstan”. – 7 – 608 p. (in Kaz.)
6. Meletinskij E.M. (1992) Epics and legends. In the book “Traditions of the peoples of the world”. – М.: Two-volume Soviet encyclopedia. Т.2. – 724 p. (in Kaz.)
7. Meletinskij E.M. (1963) Modern theory of the origin of the epic. In the book “The origins of the heroic epic” – 464 p. (in Kaz.)
8. Nurmagambetova O.A. (1975). Compiler and translator. Qobylandy-batyr. Epos of Kazakh heroes. – Moskva: Nauka, 446 p. (in Kaz.)
9. Aristotel’ (2012). Theory of Literature. Characteristics of the concepts of Mimesis and Catharsis in Aristotle.: <https://philology-hse.livejournal.com/17788.html> (in Russ.)
10. Tursynov E. (2017) About the functions of zhyrau. Zhyrau: status, functions, culture, attitude (collective monograph of the authors). – Semey. – 325 p. (in Kaz.)
11. Feshchenko V. (2017) Echoes of Belyi: Glossolalia, Zvukoslovie and Verbal Magic in Russian Poetry of the 20th Century. Russian Literature, Volumes 93–94, October–November, pp. 311-343 <https://doi.org/10.1016/j.ruslit.2017.11.010> (in Russ.)
12. Cristóbal P., Mihailo A. (2016) Formulaic creativity: Oral poetics and cognitive grammar // Language & Communication, Volume 47, March, pp. 66-74: <https://doi.org/10.1016/j.langcom.2015.12.001> (in Eng.)
13. Rapaport H. (2011) Tools for Reading Poetry1 from The Literar Theory Toolkit: A Compendium of Concepts and Metods, pp. 98-133. Blackwell Publishing. ISBN: 978-1-405-17047-5 (in Eng.)